

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет аудандық
ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорыны
Хаттамасы
№2**

Махамбет ауылы

30 маусым 2026 жыл

Өткізілген орны: Махамбет ауылы, Ө.Есмағамбетов көшесі, 21/1 акт зал.

Жиналыс төрағасы: И.С.Пернебеков – директордың у.м.а.

Жиналыс хатшысы: С.С.Галиева – комплаенс офицері.

Қатысқан қызметкерлер саны: 28 адам

Қатысқандар: Махамбет аудандық ауруханасының қызметкерлері.

Күн тәртібінде

Махамбет аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты туралы түсіндірме жұмысы туралы.

Жиналыстың төрағасы : И.С.Пернебеков ашып, Бүгін біз өте маңызды тақырып – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт талаптарын сақтау мәселесі бойынша жиналып отырмыз. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Денсаулық сақтау саласы халықтың сеніміне негізделген ерекше жауапты сала болғандықтан, әрбір қызметкер өз қызметін адалдық, ашықтық, заңдылық және әділдік қағидаттарына сүйене отырып атқаруға міндетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі мақсаты – қызметтік өкілеттіктерді жеке бас пайдасына пайдалануға жол бермеу, мүдделер қақтығысын болдырмау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Баршаңызды қызметтік міндеттеріңізді орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтауға, кәсіби әдеп нормаларын ұстануға, пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық пен әділдік танытуға шақырамын. Ешқандай жағдайда заңсыз сыйақы алуға немесе беруге, қандай да бір артықшылық жасауға жол берілмеуі тиіс. Әр қызметкер өзінің іс-әрекеті үшін жеке жауапты екенін есте сақтауы қажет. Егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының белгілері байқалса немесе сондай жағдайлар туралы ақпарат белгілі болса, бұл жөнінде белгіленген тәртіппен уақтылы хабарлау – әрқайсымыздың азаматтық әрі кәсіби міндетіміз. Біздің ортақ мақсатымыз – халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсету, мекемеміздің беделін арттыру және қоғамның сенімін нығайту. Бұл мақсатқа тек адал еңбек, жоғары жауапкершілік және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстану арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Баршаңызды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт талаптарын бұлжытпай орындауға, адалдық пен кәсібилік қағидаттарын күнделікті жұмыста басшылыққа алуға шақырамын.

Махамбет аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты туралы оны түсіндіру үшін сөзді комплаенс офицері С.Галиеваға берді.

Түсіндірме жұмысын жүргізген комплаенс офицері С.Галиева.

Бүгінгі кездесуіміздің мақсаты – «Махамбет аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын түсіндіру және оның талаптарын күнделікті қызмет барысында сақтау қажеттігіне назар аудару. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт – бұл мекеме қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін

орындау кезінде ұстануға тиіс мінез-құлық қағидаларын, әдеп нормаларын және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған талаптарды белгілейтін маңызды ішкі құжат. Біздің басты міндетіміз – азаматтарға сапалы медициналық көмек көрсете отырып, қызметіміздің ашықтығын, заңдылығын және әділдігін қамтамасыз ету. Әрбір қызметкер лауазымына қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамасын, іскерлік әдеп қағидаларын және мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтауға міндетті.

Стандарт талаптарына сәйкес қызметкерлер:

- қызметтік өкілеттіктерін жеке басының пайдасына пайдаланбауға;
- мүдделер қақтығысына жол бермеуге;
- пациенттерден немесе басқа тұлғалардан заңсыз сыйақы, сыйлық немесе қандай да бір материалдық игілік қабылдамауға;
- мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауға;
- азаматтарға тең дәрежеде, сыпайы әрі әділ қызмет көрсетуге;
- қызмет барысында белгілі болған құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.


Сонымен қатар, әрбір қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға белсенді қатысуы қажет. Егер заң бұзушылық белгілері немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталса, бұл туралы белгіленген тәртіппен басшылыққа немесе комплаенс қызметіне хабарлау қажет. Комплаенс қызметінің негізгі мақсаты – жазалау емес, алдын алу. Біз ұжымда адалдық мәдениетін қалыптастыруға, заң талаптарын түсіндіруге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және қызметкерлерге құқықтық әрі әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеміз. Әрқайсымыздың адал еңбегіміз, кәсіби жауапкершілігіміз және заң талаптарын мүлтіксіз орындауымыз – мекеменің беделі мен халықтың сенімінің кепілі. Сондықтан баршаңызды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт талаптарын қатаң сақтауға, «Заң мен Тәртіп» қағидатын басшылыққа алуға және адалдық мәдениетін нығайтуға шақырамын.

Махамбет аудандық аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК комплаенс офицері ретінде осы Махамбет аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен Махамбет аудандық ауруханасының барлық қызметкерлері толықтай білу керектігін жеткізді.

Жиналыс соңында қызметкерлер арасында Махамбет аудандық ауруханасы ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты талқыланып, туындаған сұрақтар бойынша сұрақ қойылып жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы :

Комплаенс офицері:



И.С.Пернебеков

С.Галиева